

## ОНТОЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ БАЛАЛАР СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ УӘЖДЕМЕЛІК РЕФЛЕКСИЯСЫ

\*Жақыпова А.Д.<sup>1</sup>, Жұмағұлова Ә.А.<sup>2</sup>, Қайырбекова И.С.<sup>3</sup>,  
Тлеубердина Г.Т.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,  
Көкшетау, Қазақстан, e-mail: aygul.zhakupova@yandex.kz,

<sup>2</sup>ф.ғ.к., доцент, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,  
Көкшетау, Қазақстан, e-mail: j\_omirgul\_a@mail.ru

<sup>3</sup>ф. м, лектор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,  
Көкшетау, Қазақстан, e-mail: kairbekova\_1966@mail.ru,

<sup>4</sup>ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ш. Уәлиханов атындағы  
Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан,  
e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

**Аңдатпа.** Мақала 2022-2024 жылдарға арналған «Тұлғаның моно- және билингвальді жағдайда қалыптасудағы баланың уәждемелі рефлексиясы» атты Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған. Мақалада балалардың сөйлеу онтогенезін, балалардың сөйлеуін зерттейтін тіл білімінің бір саласы – онтолингвистика бойынша теориялық мәліметтер мен балалар тілін зерттеудегі талдаудың алгоритмдеріне сипаттама берілген. Сонымен қатар әлемдік лингвистика ғылымында балалардың тілдік және метатілдік санасының, отандық ғылымдағы онтолингвистика мәселелерінің зерттелу тарихы сипатталады. Осы саланы зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-теориялық еңбектеріне, мақалаларына, зерттеулеріне шолу жасалады және уәждемелік рефлексия лингвокогнитивтік құбылыс ретіндегі салыстырмалы уәждеменің объектісі ретінде қарастырылады. Мақаланың ғылыми-практикалық маңызыдылығы Қазақстанның моно-және қостілді қоғамында қалыптасатын мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың метатілдік санасының көрсеткіштеріне сүйене отырып, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика, онтогенез, «балалар инновациялары метатілінің» өзекті мәселелері контекстіндегі балалардың уәждемелік рефлексиясын салыстырмалы-уәждемелік тұрғыдан саралауға бағытталуында. Мақалада балалар сөйлеу тілінің уәждемелік рефлексиясын зерттеуде статистикалық деректерді өңдеудің жалпы ғылыми әдістері бар сипаттамалық әдіс, психоллингвистикалық әдіс, компоненттік талдау әдісі, тілдік құбылыстарды когнитивті талдау әдісі, салыстырмалы әдіс, лингвистикалық модельдеу әдістері қолданылған.

Мақаланың негізгі нәтижелері жоба аясында жүргізілген бірінші психоллингвистикалық экспериментте ұсынылған сөздерге берілген метасөйленімдері талданып, уәждемелік паспорттарында сипатталуында. Психоллингвистикалық және лингвистикалық эксперименттер жүргізу арқылы балалардың метатілдік санасына негізделген зерттеудің әдіснамалық аспектісі ұсынылған. Уәждемелік рефлексия адамның метатілдік ойлауының әмбебап қасиеті ретінде қарастырылады. Баланың тілінде сөзжасамдық инновацияларының кездесу жиілігі мен грамматикалық категорияларды (сөз таптарының пайда болумен қалыптасуы) игеруі қарастырылған. Баланың метатілдік қызметі мен кітапты қабылдауын бақылаған психоллингвистикалық экспериментте моно- және билингвалды топтардағы әр жастағы балалардың жас ерекшелігіне орай ұсынылған

«Аққу» және «Ана тілі» сөздерінің уәждемелік паспорттарында уәждемелік-салыстырмалы талдау жасалынған.

**Тірек сөздер:** онтолингвистика, уәждеме, балалар инновациясы, уәждемелік рефлексия, билингв, монолингв, респондент, уәждемелік тип, психоллингвистикалық эксперимент

### **Негізгі ережелер**

Жалпы тіл білімінде балалар тілін, тілдік құзіреттіліктің қалыптасуын зерттеу ғалымдардың назарынан тыс қалмаған өзекті мәселелердің біріне жатады. 2022 жылдың «Балалар жылы» деп танылуы да елімізде балаға деген қамқорлықтың жоғары екендігін танытады.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да алдағы жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек деп есептеймін. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деп атап өткен болатын [1]

Осы ретте балалар жылының аясында, балалардың сөйлеу тілін зерделеу мақсатында 2022-2024 жылдары Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде ф.ғ.д., профессор А.Д. Жакупованың жетекшілігімен орындалып жатқан АР14869264 «Тұлғаны моно және билингвалды қалыптастыру жағдайындағы балалардың уәждемелік рефлексиясы» атты гранттық қаржыландырылған жобаны атап өтуге болады.

### **Кіріспе**

*Онтолингвистика* – сөйлеу онтогенезін және балалардың сөйлеуін зерттеумен айналысатын тіл ғылымының бір саласы. «Бала сөйлеуді қалай үйренеді?», «Сөйлеу үшін қандай тілдік жүйені ойлап табады?» деген мәселердің бәрін онтолингвистика ғылымы зерттейді. Филология ғылымдарының докторы, профессор, А.И. Герцен балалар сөйлеу зертханасының меңгерушісі Стелла Цейтлин: «Терминнің өзі жақында пайда болды. Біз оны 1997 жылы конференциялардың бірінде ойлап таптық және ол тілдік айналымға енді. Батыста бұл термин кең таралмаған, оларда балалардың сөйлеу ғылымы «*language acquisition, child language*» деп аталады», – деген пікір білдірген [2].

Антропоөзектік бағытта зерделенетін балалар тілінің лингвистикасы өткен ғасырдың соңғы ширегінде дамыған жас ғылым саласы. Онтолингвистиканың зерттеу нысаны – баланың сөйлеу әрекеті болса, қарастыратын тақырыбы – балалардың ана тілін меңгеру процесі.

АҚШ-та ең алғашқы рет баланың айтқан сөзі мен ойына зерттеу жұмысын жүргізген ғалым – Станли Холл. Ғалымның зерттеуі неміс философы Вильхайм Вундттың ғылыми бағытындағы ойларына негізделген. Станли Холлдан бастап осы күнге дейін көптеген ғалымдар бала тілін жан-жақты зерттеп, онтолингвистика ғылымына үлес қосуда.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Бала тілін зерттеу Қазан лингвистикалық мектебінің өкілдері В.А. Богородицкий және И.А. Бодуэн де Куртенэ сынды ғалымдарды қызықтырған. 1897 жылы И. А. Бодуэн де Куртенэ балалар тілінің әр түрлі факторларын ғана зерттеуді талап етпей, сонымен қатар зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді талдау үлгісін де қалдырған. Белгілі бір қоғамдағы балалар тілі сол қоғамдағы қалыптасқан тілдің өзгеруіне түрткі болады деген ойға сенімді болады және осы ойды ғалым В.А. Богородицкий құптайды. Ғалым өзінің бес баласының тілін зерттеу нысанасына алып, бақылап отырған, олардың тілдеріндегі өзгерістерді бақылау күнделігінде белгілеп, әрбір айтылған сөз не сөйлемдерінің мән-мағынасын ғана түсіндіріп қоймай, бұл айтылған сөздердің қандай жағдаятта қолданылғанын және сол кездегі баланың іс-әрекетін де белгілеген [3].

1931 жылы жазылып, 1934 жылы жарияланған Л.С. Выготскийдің «Мышление и речь» деп аталатын еңбегі балалардың тілін психологиялық тұрғыдан қарастырған Ж. Piaget зерттеулеріне сілтеме жасай отырып жазылған. Бірақ автор бұл жұмысты сол зерттеу барысында жиналған нәтижелерді лингвистикалық жағынан талдап, ойлау мен сөйлеуге қатысты теориялық зерттеуге әрі эксперименттік өңдеуге арнаған. Жұмыстың бірінші бөлімі сол мәселе бойынша ірі буржуазиялық психологтардың жұмысын бағалайтын сыни мақалалардан тұрады. Автордың 10 жыл бойы жүргізген зерттеуі ойлау мен сөйлеу проблемасын диалектико-материалистік түсіндіруге жақындаған жаңа жолдармен жүреді [4].

1965 жылы лингвист С.Д. Кацнельсон өзінің «Содержание слова, значение и обозначение» атты еңбегінде баланың санасындағы ұғымдар құрылымының даму үрдістері және баланың сөйлеу тілінің даму кезеңдерінің реттілігі «филогенетикалық схеманы жаңғыртатынын» атап өтеді. Баланың сөйлеу тілі лингвистер үшін лексиканың қалыптасу үрдісі мен көптеген тілдік құрылымдардың генезисін анықтауға мүмкіндік беретінін айтады. Баланың ойлауының әр түрлі кезеңдеріне түсінік бере отырып, Л.С.Выготскийге сілтеме жасайды [5, 33 б].

Орыс тіл білімінде онтолингвистиканың қалыптастырған ғалым А.Н. Гвоздев болып саналады. Ол 1928 жылы өзінің «Значение изучения детского языка для языкознания» деген мақаласын жазып, оны 1961 жылы жазылған «Вопросы изучения детской речи» монографиясына енгізеді [6]. Сонымен қатар, автордың «От первых слов до первого класса» деп аталатын бақылау күнделігі бар. Бұл күнделікте лингвист өзінің ұлының жеті жасқа дейінгі сөйлеуіндегі болған өзгерістерді жазып отырған. Кейіннен осы бақылау нәтижелерін өз зерттеу жұмысында да қолданады.

1991 жылдың қыркүйегінде А.И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік университетінде балалар сөйлеуінің (речь) кафедрасы ашылады. Жалпы тіл білімінде балалар тілін зерттейтін дербес сала – онтолингвистиканың қалыптасып, оның зерттелуіне жаңа леп бергенін атап өтуіміз қажет. Осы кафедра оқытушыларының зерттеулері негізінде жазылған мақалалар легі онтолингвистиканың маңызы мен зерттеу нысанын анықтап берді.

1998 жылы С.Н. Цейтлин «Онтолингвистика – новая научная дисциплина» (постоянно действующий экспериментальный семинар по детской речи) (Санкт-Петербург, 1995-1998 гг.) мақаласын жариялайды. Аталған мақалада жалпы онтолингвистиканың қалыптасу мен даму перспективасы, алғашқы балалар тілін зерттеген ғалымдар еңбегі мен қосқан үлестері баяндалады [7].

2008 ж. Т.А. Гридинаның «Языковая игра в художественном тексте» атты монографиясында автор балалардың «тілдік ойынын» алдыңғы қатарлы мәселе етіп талдайды. Баланың тіл шығармашылығын тану үшін «тілдік ойын» таптырмас құрал екенін айтып, оны нақты дәлелдермен саралап талдайды. Монографияда тілдік ойынның ассоциативті стратегиясын көркем мәтін саласында қолданылатын лингвистикалық іс-әрекеттің бір түрі ретінде түсіндіру ұсынылады [8,165 б.].

«Баланың тілі» зерттеу не үшін өзекті екенін білу үшін 2011 ж. «Детская речь» мақалалардың жинағында «Бала тілінің психоллингвистикалық аспектіде зерттеу» (Психоллингвистические аспекты изучения детской речи) бөлімінде зерттеуші ғалым Т.А. Гридинаның «Психоллингвистические аспекты исследования детской «неологии» тақырыбымен басылған мақаласында бала тіліндегі «неологизмді» аңғару олардың ересек адамның санасына келмейтін ғажап сәйкестендіру мен ассоциация жасайтынына, сөздерді «өздерінің тілдік әлемінде» танып, жаңа сөздер тудыру қасиеті барлығына баса назар аударады. Эксперимент негізінде алынған нәтижелерді мысалға келтіре отырып дәлелдейді. Сөздер мен өзінің санасындағы когнитивтік аспекті бойынша байланыстар жасап, уәжделмеген сөздердің өзіне ассоциация тауып, өздерінше түсінік пен анықтама беруі таңғаларлық құбылыс екені немесе атауын әлі білмесе де, белгілі бір белгісі бойынша баланың тіл шығармашылығының «мүмкіндіктеріне» нақты мысалдар арқылы дәлел көрсетіледі [9,16 б.].

Осы мақалалар жинағындағы келесі «Детская речь: новый взгляд на известные проблемы» атауымен зерттеуші ғалым Г.Р. Доброваның лингвистикалық экспериментте респонденттердің жауабы негізінде жазылған мақаласы бар. «Бала тілін» зерттеуде атсалысқан ғалымдардың аты-жөндері, олардың еңбектері жайлы сөз етеді. Ал терең тоқталатыны, онтолингвистиканың кенже дамыған ғылым болғандықтан, оның дау тудыратын және әлі зерттелмеген талай сұрақтары бар екені айдан анық. Бірақ, ғалым осы саладағы барынша зерттелген құбылыс – «детское окказиональное глагольное словосочетание» бойынша жинақталып, психоллингвистикалық эксперимент қорытындыларына сүйеніп жасалған тұжырымдарын алға тартады. Әрине, барлық көрсетілген қорытындылар орыс тілінің ерекшелігіне сай, оның етістіктерінің түрленулеріне байланысты балалардың «шығармашылығын» паш етеді [10, 27 б. ].

Дәл осы алгоритм бойынша М.Л. Кусованың «Параметризация в детской речи» (2011 ж.) мақаласында балалар тіліндегі үстеу мен сын есімдердің қолданылуы мен балалардың сол сөздермен «қалай ойнағаны» туралы деректер келтірілген. Және зерттеу барысында балалар тілінде үстеулерге

қарағанда, сын есімдердің көп қолданылатыны нақты сөздер арқылы дәлелденеді. Яғни, әлемді тани бастағанда өзіндік «Языковая картина мира» (ЯКМ) қазақша – тілдік әлем бейнесі қалыптаса бастайды, бірақ олар жеке сөздерді танығанмен оны орыс тілінде тек жағынан не «жіктелуі» жағынан байланыстыра алмаса, қазақ тілінде жұрнақ не жалғау жалғап сөз тіркесін не сөйлемді айтарда байланыстыра алмауы әбден мүмкін. Және осы жерден баланың нағыз «шығармашылығы» көрінуі мүмкін [11, 33 б.]. Осы мәселе бойынша, жоғарыда аталған ғалымдармен қатар, О.А. Михайлова мен Ю.Н. Михайловалардың «Детские речевые инновации» (2011 ж.) аталатын мақалаларында екі жыл көлемінде тек бір баланың тілінің дамуын зерттеу барысында байқалған өзгерістер мен инновацияларды бақылауға алған екен. Кішкентай Мишаға екі жарым жасынан 4 жарым жасқа дейінгі аралықта жеке бақылау жүргізген. Бала әлі ереженің не екенінен, сөздерді қалай байланыстыру керек екенінен хабарсыз. Сол себептен де сөздер арасындағы когнитивтік байланыстар кейбір кезде ересек адамның логикасына жат болып көрінеді. Яғни осы ойластыратын сөздері (туынды сөздер) баланың дамуында, әлемді тануында қазіргі уақытқа қарағанда едәуір жоғары деңгейге көтерілгенінің дәлелі болмақ [12, 38 б.].

2023 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты Г.Б. Ибатованың «Сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларға уақытылы кешенді түзету жұмыстарын ұйымдастыру және көрсету міндеттерін шешу мәселесі қарастырылған. Педагогиканың логопедия саласына қатысты жазылған жұмыс болғанымен, қазақ тілінің сөзжасам мәселесі мен жалпы сөйлеуінде кемістігі бар балаларда зерттеу нәтижесінде анықталған сөзжасамдық қабілеттерін дамытуға арналған әдістер мен нұсқаулықтар көрсетілген [13, 186 б.]. Өкінішке орай, қазақстандық ғылыми ортада балалар тілінің лексикалық жүйесін, метатілдік іс-әрекеттің игеру аспектісінде отандық тілшілер Қазақстанның көпмәдениетті қоғамында қалыптасатын моно және билингв балалардың тілдік санасының көрсеткіштеріне сүйене отырып, балалар тілін зерттемеген.

Осы тұрғыдан келгенде мақала авторларының зерделеп отырған моно және билингв балалар тілінің уәждемелік рефлексиясын зерттеуі өзекті болып отыр. Зерттеуде моно және билингв қоғамда қалыптасатын мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың метатілдік санасының көрсеткіштеріне сүйене отырып, психолингвистика, когнитивтік лингвистика, онтогенез, «балалар инновациялары метатілінің» өзекті мәселелері контекстіндегі балалардың уәждемелік рефлексиясын салыстырмалы-уәждемелік тұрғыдан саралауға бағытталған.

Балалар сөйлеу тілінің уәждемелік рефлексиясын зерттеудің негізгі әдістері – тікелей бақылау, жүйелеу, интроспекция, интерпретация, жіктеу, статистикалық деректерді өңдеудің жалпы ғылыми әдістері бар сипаттамалық әдіс, психолингвистикалық әдіс, компоненттік талдау әдісі, тілдік құбылыстарды когнитивті талдау әдісі (лексиканы тұжырымдамалық талдау

әдісі), салыстырмалы әдіс, лингвистикалық модельдеу әдісі және үздіксіз іріктеу әдісі.

### Талқылау және нәтижелер

Психолингвистикалық экспериментке қатысқан 7-8 жастағы моно (РМҚ) және билингва (РБҚ) топтарындағы респонденттердің (әр топта он екіден) «Аққу» орнитонимін танудағы метасөйленімдеріне сараптамалық талдау жасап көрейік. Аққу сөзінің лексикалық мағынасы – «иілген ұзын мойынды, ақ қауырсынды, үйректер тобына жататын үлкен құс» [14,142 б.].

Кесте 1. «Аққу» орнитонимін танудағы метасөйленімдеріне сараптамалық талдау

монолингва	билингва
<p><b>АҚҚУ</b> ЛМ: 'ұзын мойынды, ақ қауырсынды, өте сымбатты құс'</p>	
<p><b>АҚҚУ</b> «ақ түсті құс болғандықтан» (6) «аққу суда жүзеді» (4) «аққу әдемі құс» (2)</p> <p>УТ: АҚ/ҚУ СІТ<sub>1</sub> &lt; УМ: 'ақ &lt; түсті&gt; құс &lt; болғандықтан&gt;' ЛУ<sub>1</sub>: ақ, қу (құс) ҚУ<sub>1</sub>: АҚбауыр, қара ҚҰС</p> <p>УТ: АҚҚУ СІТ<sub>2</sub> &lt; УМ: 'аққу &lt; суда жүзеді&gt;' ЛУ<sub>2</sub>: - ҚУ<sub>2</sub>: -</p> <p>УТ: ақ/ҚУ СІТ<sub>3</sub> &lt; УМ: 'аққу &lt; әдемі &gt; құс' ЛУ<sub>3</sub>: қу (құс) ҚУ<sub>3</sub>: қара ҚҰС</p> <p>СІТ: нұсқалы, лексикаланбаған, метафораланбаған</p> <p>УБ: аққу (АБ: түс) Уәждемелік тип: морфологиялық</p>	<p><b>АҚҚУ</b> «түсі ақ құс» (5) «аққу әдемі құс» (3) «аққу көлде мекендейтін құс» (2) «аққу киелі құс» (2)</p> <p>УТ: АҚ/ҚУ СІТ<sub>1</sub> &lt; УМ: '&lt;түсі&gt; ақ құс' ЛУ<sub>1</sub>: ақ, қу (құс) ҚУ<sub>1</sub>: АҚбауыр, қара ҚҰС</p> <p>УТ: ақ/ҚУ СІТ<sub>2</sub> &lt; УМ: 'аққу &lt;әдемі &gt; құс' ЛУ<sub>2</sub>: қу (құс) ҚУ<sub>2</sub>: қара ҚҰС</p> <p>УТ: ақ/ҚУ СІТ<sub>3</sub> &lt; УМ: 'аққу &lt;көлде мекендейтін&gt; құс' ЛУ<sub>3</sub>: қу (құс) ҚУ<sub>3</sub>: ҚУ<sub>2</sub></p> <p>УТ: ақ/ҚУ СІТ<sub>4</sub> &lt; УМ: 'аққу &lt;киелі &gt; құс' ЛУ<sub>4</sub>: қу(құс) ҚУ<sub>4</sub>: ҚУ<sub>2</sub></p> <p>СІТ: вариативті СІТ<sub>1</sub>: лексикаланбаған, метафораланбаған СІТ<sub>2</sub>: лексикаланған, метафораланбаған СІТ<sub>3</sub>: лексикаланбаған, метафораланбаған СІТ<sub>4</sub>: лексикаланған, метафораланбаған УБ: аққу (АБ: түс) Уәждемелік тип: морфологиялық</p>

Берілген уәждемелік паспорттан (төлқұжаттан) «Аққу» лексемасы экспериментке қатысқан 12 респондент арасында әртүрлі көзқарас қалыптастырғаны байқалады. Атап айтсақ, РМҚ тобындағы ақпарат берушілердің метатілдік санасының көрсеткіштеріне жасалған сараптамалық талдау, респонденттердің сөздің ішкі тұлғасын әртүрлі танығандығын көрсетті яғни он екі қатысушы он екі түрлі жауап берді, жауап бермеген қатысушы болған жоқ. Жауаптарды жүйелеу нәтижесінде үш түрлі сөздің ішкі тұлғасы (СІТ) анықталып, үш уәждемелік тұлға (УТ) мен үш уәждемелік мағына (УМ) танылды. Моно тобындағы респонденттер сөздің дыбыстық жамылғышын құрайтын әр түрлі бөлшекке (сегментке) назар аударады – УТ: АҚ/ҚУ. АҚҚУ. ақ/ҚУ. УМ-ға (уәждемелік мағына) жасалған талдау бойынша 6 респондент аққу тілдік бірлігінің толық уәжін таныған – УМ: ‘ақ < түсті > құс < болғандықтан >’, яғни ақпарат берушілер аққу сөзінің екі сегменттен тұратынына назар аударған, ақ және қу (құс) деген лексикалық және АҚбауыр, қара ҚҰС деген құрылымдық уәждерін анықтай білген. РМҚ тобындағы 4 ақпарат беруші ‘аққу <суда жүзеді >’ деп когнитивтік білімін көрсеткен, алайда лексикалық және құрылымдық уәжділігін анықтай алмаған. Ал екі қатысушы ‘аққу < әдемі > құс’ деп қу сегментінің құс екенін таныған, сөздің соңғы сегментін ерекшелеп, жартылай уәждемеленген сөз ретінде қабылдаған әрі орнитонимге қатысты танымдық білімін көрсеткен. Лексикалық уәжділік ретінде қу(құс) танылып, құрылымдық уәжділігіне қара ҚҰС көрсетілген.

РМҚ тобының қатысушылары анықтаған үш СІТ-ке жасалған талдау нәтижесінде АҚҚУ сөзі нұсқалы, лексикаланбаған, метафораланбаған, лексикалық және құрылымдық уәжі анықталған толық уәждемеленген сөз деп қабылдауға мүмкіндік береді. Уәждемелік белгісі – аққу, атауыштық белгісі – түс, уәждемелік типі – морфологиялық уәж екендігі анықталды.

АҚҚУ сөзін билингва тобындағы респонденттерінің тануына жасалған сараптамалық талдаудың нәтижесі бойынша: экспериментке қатысушы он екі респондент СІТ тануда жауаптарының ұқсастығына қарай ортақ төрт түрлі көзқарас білдірген, соның нәтижесінде төрт түрлі СІТ, екі түрлі УТ: АҚ/ҚУ, ақ/ҚУ; төрт түрлі УМ анықталған: бес респондент ‘<түсі > ақ құс’; үш респондент ‘аққу <әдемі > құс’; екі респондент ‘аққу <көлде мекендейтін > құс’; екі респондент ‘аққу <киелі > құс’. Барлық ақпарат беруші лексикалық уәжділігі ретінде ақ, қу (құс) (5) және қу (құс) (7) және құрылымдық уәжділікке АҚбауыр, қара ҚҰС бірліктерін көрсеткен. Сондықтан РМҚ тобының сараптамалық талдауы нәтижесінде АҚҚУ лексемасын СІТ<sub>1,2,3</sub> лексикаланбаған, метафораланбаған, СІТ<sub>4</sub> лексикаланған, метафораланбаған, вариативті, уәждемелік белгісі – аққу, атауыштық белгісі – түс, уәждемелік типі: лингвистикалық – морфологиялық уәж деп сипатталып, лексикалық және құрылымдық уәждері бар толық уәждемеленген сөз екендігін танытты.

Экспериментке қатысқан екі топтың салыстырмалы уәждемелік паспорты негізінде моно және билингва тобындағы респонденттерге ортақ метасөйленімдер кездескенін байқатты:

Кесте 2. Моно және билингва тобындағы респонденттерге ортақ метасөйленімдер

РМҚ 12 респондент	РБҚ 12 респондент
ОРТАҚ(МАҒЫНАЛАС) МЕТАСӨЙЛЕНІМДЕР	
«ақ түсті құс болғандықтан» (6 ; 50%)	«түсі ақ құс» (5; 42%)
«аққу суда жүзеді» (4 ; 33%)	«аққу көлде мекендейтін құс» (2; 17%)
«аққу әдемі құс» (2; 17%)	«аққу әдемі құс» (3; 25%)
ЕРЕКШЕЛІК	
	«аққу киелі құс» (2; 16%)

Қорытындылай келе РМҚ тобының алты респонденті он екіден (50%) ақ және құ(құс) бірліктерін толық таныса, 4-12 (33%) аққу сөзін тұтасымен қабылдаған, 2-12(17%) тек қу(құс) сегментін даралаған, ақ сыңарына назар аудармаған және түсті маңызды деп қарамағандығы байқалады. Ал РБҚ тобы бес респонденті он екіден (42%) ақ құс деп уәжді толық анықтап берген, 7-12(58%) тек қу (құс) сыңарына 5 ғана назар аударған, түсті айшықтамаған. Екі топтың орнитоним жайлы ассоциативті көзқарастары сараланды, когнитивтік білім көкжиегі айқындалды, құс жайлы аялық білімдері бар екендігі танылды, синонимдік қатарлар: гипероним қу/құс қолдану анықталды, аққуды балалар сұлулық символы ретінде қабылдайтындары байқалды, сонымен қатар РБҚ тобы аққудың киелі құс екендігін танып, табу ретінде зерделей білген.

Келесі кезекте 9-10 жастағы моно (МРҚ) және билингва (БРҚ) топтарындағы респонденттердің (әр топта он екіден) «Ана тілі» лексемасын танудағы метасөйленімдеріне сараптамалық талдау:

Кесте 3. «Ана тілі» лексемасын танудағы метасөйленімдер

монолингва	билингва
<p><b>АНА ТІЛІ</b></p> <p>«анамның сүтімен енген тіл» (2)</p> <p>«анамның тілі болғандықтан шығар (?)» (2)</p> <p>«ана тіліміз біздің қазақ тіліміз» (2)</p> <p>«әркімнің өз ана тілі болады» (2)</p> <p>«мемлекеттік тіл» (1)</p> <p>«қасиетті тіл» (1)</p> <p>«сөздерді анам үйретеді» (1)</p> <p>«бастауыш сыныпта ана тілі сабағы бар» (1)</p> <p>УТ: АНА ТІЛІ</p> <p>СІТ<sub>1</sub> &lt; УМ: ‘анамның &lt;сүтімен енген&gt; тіл’</p> <p>ЛУ<sub>1</sub>: ана тілі</p> <p>ҚУ<sub>1</sub>: АНАКӨКІРЕК, қазақ ТІЛІ</p> <p>УТ: АНА ТІЛІ</p> <p>СІТ<sub>2</sub> &lt; УМ: ‘анамның тілі &lt;болғандықтан шығар(?)&gt;’</p> <p>ЛУ<sub>2</sub>: ана тілі</p> <p>ҚУ<sub>2</sub>: ҚУ<sub>1</sub></p> <p>УТ: АНА ТІЛІ</p>	<p><b>АНА ТІЛІ</b></p> <p>«анадай қасиетті, жылы тіл» (5)</p> <p>«туған жеріңнің тілі» (3)</p> <p>«тілді бірінші анам үйретеді» (2)</p> <p>«анадан тараған тіл болғандықтан шығар (?)» (2)</p> <p>УТ: АНА ТІЛІ</p> <p>СІТ<sub>1</sub> &lt; УМ: ‘анадай &lt;қасиетті, жылы&gt; тіл’</p> <p>ЛУ<sub>1</sub>: ана, тіл</p> <p>ҚУ<sub>1</sub>: АНАКӨКІРЕК, қазақ ТІЛІ</p> <p>УТ: ана/ТІЛІ</p> <p>СІТ<sub>2</sub> &lt; УМ: ‘&lt;туған жеріңнің&gt; тілі’</p> <p>ЛУ<sub>2</sub>: тіл</p> <p>ҚУ<sub>2</sub>: қазақ ТІЛІ</p> <p>УТ: АНА ТІЛІ</p>



<p>СІТ<sub>3</sub> &lt; УМ: ‘ана тіліміз &lt;біздің&gt; қазақ тіліміз’  ЛУ<sub>3</sub>: ана тілі  ҚУ<sub>3</sub>: ҚУ<sub>1</sub></p> <p>УТ: АНА ТІЛІ</p> <p>СІТ<sub>4</sub> &lt; УМ: ‘&lt;әркімнің өз&gt; ана тілі &lt;болады&gt;’  ЛУ<sub>4</sub>: ана тілі  ҚУ<sub>4</sub>: ҚУ<sub>1</sub></p> <p>УТ: ана /ТІЛІ</p> <p>СІТ<sub>5</sub> &lt; УМ: ‘&lt;мемлекеттік&gt; тіл’  ЛУ<sub>5</sub>: тіл  ҚУ<sub>5</sub>: қазақ ТІЛІ, неміс ТІЛІ, орыс ТІЛІ</p> <p>УТ: ана /ТІЛІ</p> <p>СІТ<sub>6</sub> &lt; УМ: ‘&lt;қасиетті&gt; тіл’  ЛУ<sub>6</sub>: тіл  ҚУ<sub>6</sub>: ҚУ<sub>5</sub></p> <p>УТ: АНА/ тілі</p> <p>СІТ<sub>7</sub> &lt; УМ: ‘&lt;сөздерді&gt; анам &lt;үйретеді&gt;’  ЛУ<sub>7</sub>: ана  ҚУ<sub>7</sub>: АНАдай, АНАлық</p> <p>УТ: АНА ТІЛІ</p> <p>СІТ<sub>8</sub> &lt; УМ: ‘&lt;бастауыш сыныпта&gt; ана тілі &lt;сабағы бар&gt;’  ЛУ<sub>8</sub>: ана тілі  ҚУ<sub>8</sub>: ҚУ<sub>2</sub></p> <p>СІТ: вариативті  СІТ<sub>1</sub>: лексикаланған, метафораланбаған  СІТ<sub>2</sub>: лексикаланған, метафораланбаған  СІТ<sub>3</sub>: лексикаланған, метафораланбаған  СІТ<sub>4</sub>: лексикаланған, метафораланған  СІТ<sub>5</sub>: лексикаланған, метафораланбаған  СІТ<sub>6</sub>: лексикаланған, метафораланбаған  СІТ<sub>7</sub>: лексикаланған, метафораланбаған  СІТ<sub>8</sub>: лексикаланған, метафораланған</p> <p>УБ: ана, тіл (АБ:туған тіл)  Уәждемелік тип: морфолог., семантикалық</p>	<p>СІТ<sub>3</sub> &lt; УМ: ‘тілді &lt;бірінші&gt; анам &lt;үйретеді&gt;’  ЛУ<sub>3</sub>: ана, тіл  ҚУ<sub>3</sub>: ҚУ<sub>1</sub></p> <p>УТ: АНА ТІЛІ</p> <p>СІТ<sub>4</sub> &lt; УМ: ‘анадан &lt;тараған&gt; тіл &lt;болғандықтан шығар (?)&gt;’  ЛУ<sub>4</sub>: ана, тіл  ҚУ<sub>4</sub>: ҚУ<sub>1</sub></p> <p>СІТ: нұсқалы  СІТ<sub>1</sub>: лексикаланған, метафораланған  СІТ<sub>2</sub>: лексикаланбаған, метафораланбаған  СІТ<sub>3</sub>: лексикаланған, метафораланбаған  СІТ<sub>4</sub>: лексикаланған, метафораланбаған</p> <p>УБ: ана, тіл (АБ: туған тіл)  Уәждемелік тип: морфолог., семантикалық</p>
---	--

Ана тілі лексемасына 9-10 жастағы респондентердің тілдік санасындағы көрсеткіші монолингва тобында 12 метасөйленім 8 топқа, билингва тобында 12 метасөйленім 4 топқа топтастырылды.

Психолингвистикалық экспериментке қатысушылар тарапынан «Ана тілі» сөзіне әртүрлі түсініктеме берілгенін уәждемелік паспорт көрсетеді: МРҚ тобы бойынша: СІТ-8, УТ-3, УМ-8. Тоғыз респондент – УТ: АНА ТІЛІ (СІТ<sub>1,2,3,4,8</sub>) сөзін тұтастай таныса; екі респондент – ана /ТІЛІ (СІТ<sub>5,6</sub>) яғни тіл сегментіне назар аударған; ал бір респондент – АНА/ тілі (СІТ<sub>7</sub>) ана сегментін ерекшеленген.

Монолингва тобындағы 4 респонденттің метасөйленімдерінде «*ана тіліміз біздің қазақ тіліміз*» (2), «*әркімнің өз ана тілі болады*» (2) деген көзқарастары «Ана тілі» реестр сөзіне берілген анықтамамен сәйкес келеді де «*өз ұлтының тілі*» деген мәнде танылады. Ал «*сәби кезінде меңгерген, ана сүтімен бойына дарыған тілі*» деген сөздіктегі анықтамамен «*анамның сүтімен енген тіл*» (2), «*сөздерді анам үйретеді*» (1) деген метасөйленімдері негізінде ана тілі сөзі толық танылып уәжделеді.

Баланың тілдік санасында ана тілі ұғымы ең алдымен ана бейнесімен ассоциацияланады. Мысалы, ана тілі сөзін қабылдауда тіл тұтынушының тілдік санасында осы сөзге негіз болған лексикалық уәжділік пен құрылымдық уәжділік арасындағы байланысы анықталады: ана тілі – ана сүті; Анаға тән қасиеттер талдау нысаны болып отырған сөздің бойына жинақталады: ана баланы дүниеге әкеледі (туады), баланың дені сау болып өсуіне ана сүті қажет. Ол сүт – қасиетті. Қасиетті ана сүті баланың бойын өсірсе, ана сүтімен дарыған ана тіл баланың ойын да өсіреді. Әлемнің тілдік бейнесін танытушы, тілді үйретуші әрі тәрбиелеуші ана болып табылады. Осы тұрғыдан, тіл тұтынушының тілдік санасында ана мен тіл егіз ұғым ретінде қалыптасады. Осы когнитивтік деңгейдегі түсінік «қасиетті тіл» (1) метасөйленімдері негізінде вербалданады. Ана сүтімен тәрбиеленген бала туған жерін жақсы көреді, өз ұлтын дәріптейді, тілін құрметтейді. Ана бойындағы жылылық, қасиеттілік, тектілік сол туған елдің тілдік мәртебесінің асқақтауына ықпал етеді. Ана мен тіл концепциясы негізінде іргесі мықты мемлекет құрылады, ана тілі сол мемлекеттің сөйлеу тіліне айналады. Әрине мемлекет ішінде түрлі ұлттың өмір сүруі анық, бірнеше тіл қатар қолданысқа ие болып, көптілділіктің қалыптасуы мүмкін, дегенмен сол жердің туған тілі, ана тілі жергілікті халықтың тілдік қолданысын арттырып, «мемлекеттік тіл» метасөйленімі негізінде вербалданады. Осы топтағы кейбір респонденттер ана тілі лексемасын «бастауыш сыныпта ана тілі сабағы бар» (1) метасөйленімдерінде полисемиялық негізде түсініп, мектепте оқытылатын пән атауы ретінде қабылдайды. Ана тілі лексикалық бірлігінің уәжділік дәрежесін анықтауда ана мен ана тілі ұғымдарының арасындағы когнитивтік байланысты тануда сенімсіздік танытатын «*анамның тілі болғандықтан шығар (?)*» (2) деген мазмұндағы метасөйленімдер де кездеседі.

Монолингва тобының «Ана тілі» сөзін танудағы көзқарастарына жасалған талдау негізінде, аталған сөзді жартылай уәждеделген, вариативті, лексикаланған, жартылай метафораланған, лексикалық және құрылымдық уәждері айқындалған, морфологиялық және семантикалық типке негізделген әр түрлі бағыттағы көпуәжді сөз деп тануға мүмкіндік береді.

БРҚ тобы респонденттерінің метатілдік санасы көрсеткіштерінің нәтижесінде анықталған – СІТ-4, УТ-2, УМ-4. Тоғыз респондент – УТ: АНА ТІЛІ (СІТ<sub>1,3,4</sub>) сөзін тұтастай таныса; үш респондент – ана /ТІЛІ (СІТ<sub>2</sub>) яғни тіл сегментін даралаған.

Ана тілі сөзін билингва тобындағы 5-12-ден 42% респондент «*анадай қасиетті, жылы тіл*» деген метасөйленімдері негізінде сипаттап, қазақ дүниетанымындағы құндылықтар жүйесімен байланыстырып, метафоралық

мәнде қабылдайды. Талданып отырған лексикалық бірлік *«тілді бірінші анам үйретеді»* (2-12-ден 17%), *«анадан тараған тіл болғандықтан шығар (?)»* (2-12-ден 17%), деген метасөйленімдерде лексикалық уәжділік ретінде ана бірлігін таниды. Осы топтағы 3-12-ден 25% респондент *«туған жеріңнің тілі»* деген метасөйленімдерінде ана тілін туған жермен байланысты алып, оны жермен, халықпен байланысты қарастырады. Билингва тобының *«Ана тілі»* сөзін танудағы көзқарастарына жасалған талдау негізінде, аталған сөзді толық уәждеделген, нұсқалы, лексикаланған, метафораланбаған, лексикалық және құрылымдық уәждері айқындалған, морфологиялық және семантикалық типке негізделген сөз деп танылады.

Талдау негізінде аталған екі топ респонденттеріне тән ортақ сипаттар мен айырмашылықтар да назардан тыс қалмады.

Монолингва респонденттердің *«ана тіліміз біздің қазақ тіліміз»* (2-12-ден 17%), *«мемлекеттік тіл»* (1-12-ден 0,1 %) және билингва тобындағы *«туған жеріңнің тілі»* (3-12-ден 25%) метасөйленімдеріне ортақ *«туған тіл»* атауыштық белгісі танылады.

Екі топтағы респонденттердің ана тілін монолингва *«қасиетті тіл»* (1-12-ден 0,1%), билингва *«анадай қасиетті, жылы тіл»* (5-12-ден 42%) және *«сөздерді анам үйретеді»* (1-12-ден 0,1%), *«тілді бірінші анам үйретеді»* (2-12-ден 17%) деген метасөйленімдерінде де ортақ сипат бар. Монолингвалды топтағы респонденттердің таным көкжиегінің кеңдігі, ассоциациялық бейне байлығын *«анамның сүтімен енген тіл»* (2-12-ден 17%) деген метасөйленімі танытады. Ол тілдің ана сүтімен байланысы арқылы ашылады. Осы топтағы тағы бір ерекшелік – *«бастауыш сыныпта ана тілі сабағы бар»* (1-12-ден 0,1%) метасөйленімі.

Ана тілі лексикалық бірлігі уәждеделген, лексикалық уәжділігі ана тілі, тіл сөздері, құрылымдық уәжділігіне АНАКӨКІРЕК, қазақ ТІЛІ сөздері жатады. Қазақ тіліндегі анакөкірек сөзіндегі көкірек адамның кеудесі, әйелдің төсі ұғымында жұмсалып, дене мүшесі тобына жатса, кейін сөздікқорда ана көкірек поэтикалық қолданыста ананың мейрімді, қайырымды жүрегі деген метафоралық мағынаны қосып алды. Ана тілі деген лексикалық бірліктегі екінші «тіл» сыңары алғашында дене мүшесі – сөйлеу мүшесі дегенді білдіреді. Кейін метафораланып, қатынас құралы мағынасына өткен.

### **Қорытынды**

Аққу, ана тілі лексемаларын тануда моно және билингвалды балалардың уәждемелік рефлексиясының мазмұны уәждемелік-салыстырмалы талдау арқылы зерделенді. Талдау барысында монолингва тобындағы респонденттер ұсынылған тілдік бірлікті толық түсінетіні және когнитивті ассоциациясының кеңдігін көрсетеді. Ал билингвалды балалардың уәждемелік рефлексиясын саралау барысында лексиканың уәждеделген қабатын түсіну стратегиясындағы шектеулік байқалады. Эксперимент барысында бала тіліндегі УР механизмі метатілдік санасының мазмұны тұрғысынан зерттелді.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

**Мақала 2022-2024 жылдарға арналған АР14869264 «Тұлғаның моно және билингвальді жағдайда қалыптасудағы баланың уәждемелі рефлексиясы» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.**

#### **ӘДЕБИЕТ**

- [1] [https://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-2022-zhyldy-balalar-zhyly-dep-zhariyalau-kerek\\_a3880690](https://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-2022-zhyldy-balalar-zhyly-dep-zhariyalau-kerek_a3880690).
- [2] Цейтлин С.Н. Язык и ребенок: лингвистика детской речи. – Москва, 2000. – 254 с.
- [3] Бодуэн де Куртенэ И. А. Избранные труды по языкознанию. 1-т. – Москва, 1963. – С. 349-350.
- [4] Выготский Л.С. Мышление и речь. – Москва, Ленинград: Государственное социально – экономическое издательство, 1934. – 362 с.
- [5] Канцнельсон С. Д. Содержание слова, значение и обозначение/под общ.ред. В.М. Жирмунского, М. М. Гухман, С.Д. Кацнельсона. Изд. 3-е. – Москва: Едиториал УРСС, 2011. – 112 с.
- [6] Гвоздев А. Н. Вопросы изучения детской речи. – Москва, АПН РСФСР, 1961. – 470 с.
- [7] Цейтлин С.Н. Онтолингвистика – новая научная дисциплина // Вестник Российского гуманитарного научного фонда. 1998. – С.198-201.
- [8] Гридина Т. А. Языковая игра в художественном тексте. Монография. – Екатеринбург, 2008. – 165 с.
- [9] Гридина Т.А. Психоллингвистические аспекты исследования детской «Неологии» // Сборник статей по детской речи. –2011. – №9. – С. 3-16.
- [10] Доброва Г. Р. Детская речь: новый взгляд на известные проблемы // Сборник статей по детской речи. –2011. – №9. – С.18-27.
- [11] Кусова М. Л. Параметризация в детской речи // Сборник статей по детской речи. –2011. – №9. – С. 28-33.
- [12] Михайлова О. А., Михайлова Ю. Н. Детские речевые инновации // Сборник статей по детской речи. –2011. – №9. – С. 34-38.
- [13] Ибатов Г. Б. Сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту. 2023. -186 б.
- [14] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Он томдық.1-том. /Жалпы редакцияны басқарған Ысқақов А.Ы.Томның редакторы Қалиев Б.Қ. – Алматы: Ғылым баспасы, 1974. – 696 б.

#### **REFERENCES**

- [1] [https://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-2022-zhyldy-balalar-zhyly-dep-zhariyalau-kerek\\_a3880690](https://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-2022-zhyldy-balalar-zhyly-dep-zhariyalau-kerek_a3880690). [In Kaz.].
- [2] Cejtlin S.N. Jazyk i rebenok: lingvistika detskoj rechi. (Language and child: linguistics of children's speech) . Moskva, 2000. 254 s. [In Rus.].
- [3] Bodujen de Kurtenje I. A. Izbrannye trudy po jazykoznaniju (Selected works on linguistics). 1-t. Moskva, 1963. 349-350 s. [In Rus.].
- [4] Vygotskij L. S. Myshlenie i rech' (Thinking and speech). Moskva, Leningrad: Gosudarstvennoe social'no – jekonomicheskoe izdatel'stvo. 1934. 362 s. [In Rus.].
- [5] Kancnel'son S. D. Soderzhanie slova, znachenie i oboznachenie (The content of the word, meaning and designation)/pod obshh.red. V.M. Zhirmunskogo, M. M. Guhman, S. D. Kacnel'sona. Izd. 3-e. Moskva: Editorial URSS, 2011. 112 s. [In Rus.].
- [6] Gvozdev A. N. Voprosy izuchenija detskoj rechi (Questions of studying children's speech). Moskva, APN RSFSR, 1961. 470 s. [In Rus.].

[7] Cejtlin S.N. Ontolingvistika – novaja nauchnaja disciplina (Ontolinguistics is a new scientific discipline) //Vestnik Rosijskogo gumanitarnogo nauchnogo fonda. 1998. S.198-201 [In Rus.].

[8] Gridina T. A. Jazykovaja igra v hudozhestvennom tekste (Language game in a literary text). Monografija. Ekaterinburg, 2008 zh. 165 s. [In Rus.].

[9] Gridina T. A. Psiholingvisticheskie aspekty issledovanija detskoj «Neologii» (Psycholinguistic aspects of the study of children's "Neology") //Sbornik stat'ej po detskoj rechi. 2011. №9. S. 3-16. [In Rus.].

[10] Dobrova G. R. Detskaja rech': novyj vzgljad na izvestnye problemy (Children's speech: a new look at known problems) // Sbornik stat'ej po detskoj rechi. 2011. №9. S.18-27 [In Rus.].

[11] Kusova M. L. Parametrizacija v detskoj rechi (Parameterization in children's speech) // Sbornik stat'ej po detskoj rechi. 2011. №9, zh. S. 28-33. [In Rus.].

[12] Mihajlova O. A., Mihajlova Ju. N. Detskie rechevye innovacii (Children's speech innovations) // Sbornik stat'ej po detskoj rechi, 2011. №9. S. 34-38 [In Rus.].

[13] İbatova G. B. Söileu tilı damymağan mektep jasyna deingı balalardyñ sözjasam dağdylaryn damytu (Development of Word formation skills of preschool children with speech underdevelopment). Алматы. 2023.186 b. [In Kaz.].

[14] Qazaq tılınıñ túsındırme sözdıgı (Explanatory Dictionary of the Kazakh language). On tomдық.1-tom. /Jalpy redaksiany basqarğan Ysqaqov A.Y. Tomnyñ redaktory Qaliev B.Q. Almaty: Ğylym baspasy, 1974. 696 b. [In Kaz.].

## ОНТОЛИНГВИСТИКА И МОТИВАЦИОННАЯ РЕФЛЕКСИЯ ДЕТСКОЙ РЕЧИ

\*Жакупова А.Д.<sup>1</sup>, Жумагулова О.А.<sup>2</sup>, Каирбекова И.С.<sup>3</sup>,  
Тлеубердина Г.Т.<sup>4</sup>

\*<sup>1</sup>д.ф.н., профессор, Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова,  
Кокшетау, Казахстан, e-mail: aygul.zhakupova@yandex.kz,

<sup>2</sup>к.ф.н., доцент, Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова,  
Кокшетау, Казахстан, e-mail: [j\\_omirgul\\_a@mail.ru](mailto:j_omirgul_a@mail.ru),

<sup>3</sup>м. ф., лектор, Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова,  
Кокшетау, Казахстан, e-mail: kairbekova\_1966@mail.ru,

<sup>4</sup>к.ф.н., ассоциированный профессор, Кокшетауский университет им.  
Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан,  
e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

**Аннотация.** Статья написана в рамках проекта «Мотивационная рефлексия детей в формировании моно-и билингвального формирования личности», осуществляемого при грантовом финансировании Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на 2022-2024 годы. В статье представлены теоретические сведения по онтолингвистике, одной из областей языкознания, изучающей языковой онтогенез детей, речь детей, и описание алгоритмов анализа в изучении детского языка. В мировой лингвистической науке описывается история изучения языкового и метаязыкового сознания детей, проблемы онтолингвистики в отечественной науке. Дается обзор научно-теоретических работ, статей отечественных и зарубежных ученых, изучавших данную область. Мотивационная рефлексия рассматривается как объект сравнительной мотивации как лингвокогнитивного явления. Научно-практическая значимость статьи обусловлена ориентацией на сравнительно-мотивационную дифференциацию мотивационной рефлексии детей в контексте актуальных проблем психолингвистики, когнитивной лингвистики, онтогенеза, «метаязыка детских инноваций», исходя из показателей метаязыкового сознания детей дошкольного и младшего школьного возраста,

формирующихся в моно-и двуязычном обществе Казахстана. В статье в исследовании мотивационной рефлексии детской речи использованы описательный метод с общенаучными методами обработки статистических данных, психолингвистический метод, метод компонентного анализа, метод когнитивного анализа языковых явлений, сравнительный метод, методы лингвистического моделирования.

Основные результаты статьи анализируются и описываются в мотивационных паспортах метапредложения к словам, предложенным в первом психолингвистическом эксперименте, проведенном в рамках проекта. Представлен методологический аспект исследования, основанный на метаязыковом сознании детей посредством проведения психолингвистических и лингвистических экспериментов. Мотивационная рефлексия рассматривается как универсальное свойство метаязыкового мышления человека. В языке ребенка предусмотрено освоение словообразовательных новшеств и грамматических категорий (формирование с появлением классов слов). В психолингвистическом эксперименте, в котором отслеживалась метаязыковая деятельность ребенка и восприятие книги, проводился мотивационно-сравнительный анализ мотивационных паспортов слов «Лебедь» и «Родной язык», представленных в зависимости от возраста детей разного возраста в моно-и двуязычной группах.

**Ключевые слова:** онтолингвистика, мотивология, детская инновация, мотивационная рефлексия, билингв, монолингв, респондент, мотивационный тип, психолингвистический эксперимент

## ONTOLINGUISTICS AND MOTIVATIONAL REFLECTION OF CHILDREN'S SPEECH

\*Zhakupova A.D.<sup>1</sup>, Zhumagulova O.A.<sup>2</sup>, Kairbekov I.S.<sup>3</sup>,  
Tleuberdina G.T.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Doctor of Philology, Professor, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: aygul.zhakupova@yandex.kz,

<sup>2</sup>Candidate of Philology, Associate Professor, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: j\_omirgul\_a@mail.ru

<sup>3</sup>f. m, lecturer, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: kairbekova\_1966@mail.ru

<sup>4</sup>Candidate of Philology, Associate Professor, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

**Abstract.** The article was written within the framework of the project «Motivational reflection of children in the formation of mono- and bilingual personality formation» carried out with grant funding from the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2022-2024. The article presents theoretical information on ontolinguistics, one of the fields of linguistics that studies the linguistic ontogenesis of children, children's speech, and a description of analysis algorithms in the study of children's language. Also, the world linguistic science describes the history of the study of linguistic and metalanguage consciousness of children, the problems of ontolinguistics in Russian science. The review of scientific and theoretical works, articles of domestic and foreign scientists who have studied this field is given, and motivational reflection is considered as an object of comparative motivation as a linguocognitive phenomenon. The scientific and practical significance of the article is due to the orientation to the comparative-motivational differentiation of motivational reflection of children in the context of current problems of psycholinguistics, cognitive linguistics, ontogenesis, "metalanguage of children's innovations", based on the indicators of metalanguage consciousness of preschool and primary school children, formed in the mono- and bilingual society of Kazakhstan. In the article, in the

study of motivational reflection, children's speech is used - a descriptive method with general scientific methods of statistical data processing, a psycholinguistic method, a method of component analysis, a method of cognitive analysis of linguistic phenomena, a comparative method, methods of linguistic modeling.

The main results of the article are analyzed and described in the motivational passports of meta-suggestions to the proposed words in the first psycholinguistic experiment conducted within the framework of the project. The methodological aspect of the study based on the metalanguage consciousness of children through psycholinguistic and linguistic experiments is presented. Motivational reflection is considered as a universal property of a person's metalanguage thinking. The child's language provides for the development of word-formation innovations and grammatical categories (formation with the appearance of word classes). In a psycholinguistic experiment in which the metalanguage activity of the child and the perception of the book were monitored, a motivational comparative analysis of the motivational passports of the words «Swan» and «Native language», presented depending on the age of children of different ages in mono- and bilingual groups, was carried out.

**Keywords:** ontolinguistics, motivology, children's innovation, motivational reflection, bilingual, monolingual, respondent, motivational type, psycholinguistic experiment

*Статья поступила 25.07.2023*